



ПРЕЗИДЕНТ

ЕЛБАСЫ ЕУРАЗИЯЛЫҚ БИЗНЕС ФОРУМЫНА БАРАДЫ

Қазақстан, Ресей және Беларусь Президенттері еуразиялық бизнес форумға шақырылды. Бұл туралы кеше ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте аталған форумның ұйымдастыру комитетінің төрағасы Куаныш Дәуітов мәлім етті.

«Біз Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевты шақырып және Кеден одағы елдері Президенттері Владимир Путин мен Александр Лукашенконы еуразиялық бизнес форум миніберінен сөз сөйлеуге шақырамыз. Бұл Кеден одағы елдері көшбасшыларының мамырдағы кездесу алдында «сағат салыстыру» мүмкіндігін береді», — деп ол.

ЗАҒҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мемлекет басшысы «Кеден одағының сыртқы және өзара саудасының интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру, оның жұмыс істеуі және оны дамыту туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.



ҮКІМЕТ

ЖАҢАША СИПАТТАҒЫ ҚАБЫЛДАУ

Кеше «Нұр Отан» партиясының республикалық қоғамдық қабылдауы базасында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова азаматтарды қабылдауды алғаш рет жаңа форматта - өңірлермен бейнебайланыс арқылы өткізді.

Министрдің қабылдауында болғандар негізінен еңбекке орналастыру, өз бизнесін жүргізуге шағын несие алу, зейнетақы төлемдерін қайта есептеу және әлеуметтік жәрдемақыларды төлеу мәселелері жөнінде жүгінді.

Министр әрбір өтінішке сергек қарап, толық және тұшымды жауап қайтарды.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫС ШЫҒЫНЫ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

ҚР Премьер-министрі Серік Ахметовтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Қолжетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасының іске асырылу барысы туралы мәселе қаралды. Селекторлық жиынға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты.

СЕЛЕКТОР

Мемлекет басшысының тапсырмасымен дайындалған бағдарлама аясында былтыр 6,8 млн. шаршы метр тұрғын үй салынған. Бұл — алдыңғы жылмен салыстырғанда жоғары көрсеткіш. Дегенмен, кейбір өңірлерде құрылысқа бөлінген бюджет қаражаты игерілмей қалса, біркатар облыстарда несиелік-арендалық тұрғын үй құрылысы кешіктірілуде.

Үкімет отырысында баяндама жасаған Өңірлік даму министрі Болат Жәмішев бағдарламаға өзгерістер енгізуді ұсынды. «Әкімдіктердің мәліметі бойынша, 1 шаршы метр тұрғын үйдің құны оның құрылысына кеткен нақты шығындарға сәйкес келмейді. Мысалы, Қостанай және Батыс Қазақстан облыстарында бағдарлама бойынша қолайлылығы 3-ші деңгейлі 1 шаршы метр тұрғын үйдің бағасы 90 мың теңгені құраса, мемлекеттік сараптама қорытындысы бойынша оның бағасы 117-134 мың теңгені құраған. Демек, бекітілген мөлшерден 30-50 пайызға артық», — деді министр. Оның айтуынша, қазіргі уақытта бағдарламада қарастырылған сом тұрғын үй құрылысы үшін жеткіліксіз болып отыр.

— 2013 жылы жалға берілетін баспана құрылысы үшін республикалық бюджеттен елдегі облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдіктеріне 27,5 млрд. теңге мақсатты трансферттер бөлінген болатын. Осы соманың 27,3 млрд. теңгесі немесе 99,4 пайызы игерілген. Шығыс Қазақстан облысында 63,1 млн. теңге және Солтүстік Қазақстан облысында 47,6 млн. теңге игерілмей қалған. Жалға берілетін баспананы енгізу бойынша жылдық жоспарды барлық әкімдіктер орындауды деуге болады, — дей келе, Б.Жәмішев биыл әкімдіктер қаражатты игермеген жағдайда министрлікке игерілмеген қаражатты біржақты қайтып алуға құқық беретін қосымша келісім жасауды ұсынды. Үкімет басшысы министрінің бұл ұсынысына қолдау көрсетті. «Өңірлік даму министрлігі республика бойынша жалпы оператор болуы керек. Министрлікке мұндай құқық беріледі, осы мәселені қарастырамыз», — деді Серік Нығметұлы.

Селекторлық отырыс барысында аймақ жетекшілері мен ведомство басшылары бағдарламаны іске асырумен айналысатын орталық мемлекеттік органдар мен операторлар өкілдерінің де жасап жатқан жұмыстары қаралып, талқыланды. Премьер-министр мемлекеттік бағдарламаның орындауы қатаң бақылауда болатынын ескертті.

Айсауле ҚАРАПАЕВА.

ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ ӨРКЕНІ

Аймақта металлургия өндірісінің бірқатар салалары дами. Облыс аумағындағы ванадий кеніші әлемдегі 5 ірі кеніштердің қатарына енеді. Мамандардың пікірінше, аймақ осы өнімге қажетті әлемдік сұраныстың 10 пайызына дейін қамтамасыз ете алады. Өндірісті игеру 3 кезеңнен тұрады, қазір оның екінші кезеңін жүзеге асыру басталды. Жобаның төңірегінде бірнеше қосалқы өндірістер ашу қолға алынууда. Салаға осы мақсатта 1 млрд. теңге көлемінде инвестиция құйылады.



ҚАЗАҚСТАН БИЫЛ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САУДА ҰЙЫМЫНА КІРЕДІ

Орталық коммуникациялар қызметінде өткен кезекті брифингте ресми өкіл Алтай Әбілғұлаев аптаның маңызды оқиғаларына тоқталды. Сонымен қатар, брифингте ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі Тимур Жақсылықовтың хабарламасы тыңдалды.

БРИФИНГ

Вице-министр онда Кедендік одақ елдерінің нарығын қазақстандық алкоголь өнімдері үшін қолжетімді ету жұмыстарының жасалып жатқанын мәлімдеді.

«Кедендік одақ бойынша серіктес елдер нарығының біздің алкогольдік өнімдер үшін қолжетімділігі бойынша бірқатар мәселелер туындаған болатын. Қазір алкоголь өнімінің айналымы туралы келісімнің жобасы әзірленді және ол үш елдің мақұлданыуы бойынша қарастырылуда. Аталған құжат қабылданғаннан кейін отандық тауарлардың қолжетімділігін шектеуге қатысты барлық мәселелер өз шешімін табады деп үміттенеміз. Жалпы, жүйелі жұмыстар жүргізілуде», — деді Тимур Жақсылыков.

Оған қоса, вице-министр Кедендік одақ аясында туындаған осындай проблемаларға мемлекеттер арасында келіссөз жүргізушілердің осал жұмысы себеп емес екенін айтты. Оның айтуынша, уақыттың тығыздығына байланысты кейбір мәселелер үстірт қаралып, шешімдер тез қабылданды.

Сондай-ақ, вице-министрдің мәлімдеуінше, Қазақстан 2014 жылы Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болады деп болжауда.

Оның айтуынша, Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі бойынша ұзақ уақыт бойы келіссөздер жүргізілген және қазір ол келіссөздер аяқталуға жақын екен. Ұйымға мүше болу үшін тауарлар, қызмет көрсету, ауылшаруашылық және жүйелік мәселелер бойынша екіжақты келіссөздер жүргізу қарастырылған. «Тек екі мәселе — тарифтік үйлесімділік және жергілікті үлес мәселелері бойынша келіссөздер жүргізу қалды. Сол себепті, осы жылы келіссөздер толық аяқталып, Қазақстан ДСҰ-ға мүше болады деп күтілуде», — деді Тимур Жақсылыков.

Сонымен қатар, экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің өкілі атап өткендей, ДСҰ-ға өткеннен кейін шетелден әкелінетін көліктер үшін кедендік баж салығы да төмендетілетін болады.

Айнұр БАТТАЛОВА.

МЕТАЛЛУРГИЯ: МҮМКІНДІКТЕР МЕН МЕЖЕЛЕР

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев: «Біз Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында бірінші болып жеке меншікке, еркін бәсе-келестікке және ашықтық принциптеріне негізделген нарықтық экономиканың заманауи үлгісін жасадық. Біздің моделіміз шетелдік инвестицияларды тартудағы мемлекеттің белсенді рөліне негізделген», деп атап көрсеткен болатын өзінің халыққа Жолдауында. Еліміздің өсіп-өркендеуі жолына серпін беретін бұл батыл қадам Сыр өңірінде де жана идеялардың жүзеге асуына негіз қалады. Атап айтқанда, бұрындары негізінен ауыл шаруашылығы бағытындағы Қызылорда облысы бұл күндері түсті металлургияны дамытуға қолға алды.

Осыдан алпыс жыл бұрын Ұлы Отан соғысы тұсында Қаратаудың жанысты қатпарында ванадий металының мол қоры бар екендігі барланған болатын-ды. Бұл қа-

жеттілік әскери-қорғаныс саласына қатысты қолға алынғандығы белгілі. Металды өндіре бастаудың сәті енді келген сынайы. Оның бастамасын осыдан жеті-сегіз жыл бұрын Андрей Кузнецов бастаған «Фирма Балауса» ЖШС алғы-шарттарын жасап, құрылыс алаңдарын дайындағанымен, жергілікті билік тарапынан батыл қолдау білдірудің қажеттілігі байқалмаған еді. Облыс басшылығына келісіммен Қырымбек Көшербаев осындай ауқымды, келелі мәселелерге баса назар аударды. Қыстың көзі қырауда тау сілеміне бірнеше рет сапарлап, ванадий металын өндірудің тиімділігін және осы өндіріс арқылы оның салалық бағыттағы желілерін дамыту жолдарын қарастырып, мамандармен пікірлесті.

Сирек кездесетін металдар қатарында ванадий элементін өндіріп, оны өндіріске пайдалануды қазақстандық ғалымдар

көптен зерттеп келе жатқанымен, оған жеме-жемге келгенде тәуекел етушілер сирек. Өйткені, бұл — аса күрделі процесс, дайын өнім алынғанша, көптеген қиыншылықтар мен бөгеттерге тап келуі өбден мүмкін. Оның үстіне, бұл өзі көзжұмбайлықты қаламайтын нәзік ғылым жолы. Алайда, өнеркәсіпке ванадий металы керек, оның аз ғана мөлшерін, яғни, 0,2 пайызын құрышқа араластыру арқылы металдың беріктігін жүздеген есеге арттырып, салмағын бірнеше есеге кемітуге мүмкіндік туады. Пайдаланудағы жүздеген техникалардың аталмыш металл қоспасы арқылы төзімді дәрежеге жеткізілгендігі оның аса қажеттілігін аңғартады. Солқылдақ рессорлар, темір білік, қатты шестері, сол секілді көптеген мотор тетіктері ванадий қоспасынсыз оскі болар еді. Сондай-ақ, жоғары қызуға шыдамды цилиндрлер, тежегіш колодокалар да осылай

жасалады. Сонымен бірге, оның басқа қосылыстары мұнайдан бензин алуға, спиртті тотықтырып, сірке қышқылдан және резина, шыны, керамика бояуын өндіруге және де медицинада қолданылады. Міне, осы міндетті «Балауса» фирмасы, оның басшысы Андрей Кузнецов мойнына алып, оны өндіру жолында үлкен қажыр-қайрат жұмсап келеді.

Геологиялық барлаудың болжауына қарағанда, бұл аумақтағы ванадий қоры 800 мың тонна шамасында. Сол жерде жоғарыда өзіміз кереметін өңгімелеген ванадий өндірісіне дайындық жұмыстары 2006 жылдан бері жүргізіліп келеді. Ынталы топтың өз күшімен әуелі жер жағдайы зерттелді, біртіндеп, өндіріс алаңдары салынды, жабдықтар әкелінді, қондырғылары орналастырылды. Ал өткен жылдан бастап ванадий металын автоклавты тәсіл бойынша өндіру қолға алынды. Жобаның

құны 965 млн. теңгеге бағаланғанымен, әлі де көптеген ұйымдастыру жұмыстарының жүргізілуі қажет етеді. Бұл жөнінде жоба және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің басшысы Андрей Кузнецовтың мәлімдеуінше, жоба үш кезеңмен іске асырылуы тиіс. Сол арқылы 2015 жылы мұнда 664 адам еңбек етсе, өндірілген ванадийдің көлемі де арта түседі. Осы жоба толық жүзеге асқан кезде мұнда ванадийден өзге оған сабақтас өндірілетін өнімдер — ванадий пентоксиді, феррованадий, алюминованадий, молибденді концентрат, көмір қышқылы секілді өндіріс пен тұрмысқа қажетті заттарға қажетті шикізаттар да молынан болады. Демек, осы жерде көптеген сабақтас кәсіпорындар жұмыс істеп, жүздеген аймақ тұрғындары жұмыспен қамтылады деген сөз. Болжам бойынша сол кезде 28 мың тонна өнім алуға мүмкіндік туады.

2-бет

КӘСІП

Жанақорған ауданында мемлекеттік индустриялық-инновациялық жобаларға сай көптеген шаруалар атқарылуда. Ауданда орта, шағын өндіріс және қызмет көрсету орындары ашылды. Көптеген тұрғындар жана жұмыс орындарымен қамтылды. Өткен жылдың ортасында көп жылдардан бері айтылғанымен, шешілмей жүрген аудан орталығындағы базар мәселесі жүйеленді. Атқару органдық белсенді әрекеті нәтижесінде құны 170 млн. теңге, сауда алаңы 1200 шаршы метрді құрайтын «Нұрасыл» сауда үйі салынып, пайдалануға берілді. Сондай-ақ, «Тасболат и К» ЖШС құны төулігіне 60 тонна күріш ақпайтын зауыты іске қосты. Оның құны 30 млн. теңгені құрайды. Жана жұмыс орындарының қатарына іске қосылған 2 кондитер цехын жатқызуға болады. Атқарылған шаралар нәтижесінде ауданда өнеркәсіп өнімдерінің өсу қарқыны жоғары дамып келеді.

Аудан әкімінің шешіміне сәйкес аудан орталығындағы бұрынғы «Казсельхозтехника» мекемесінің техникалық жөндеу базасы негізінде кіші кәсіпкерлікке арналған шағын индустриялық аймақ құру бағытында жұмыстар жүргізілуде. Бұл өз кезегінде шағын кәсіпкерліктің өндірістік саласын дамытуға ықпал етеді. Мұнда наубайханалар, кондитер цехтарын, темір және ағаш өңдеу цехтарын, түрлі шеберханалар және басқа шағын өндіріс орындарын ашу арқылы жүйелі жұмыс өрбітуге мүмкіндік туады деген сөз. Әлеуметтік маңызы бар осындай істерге аудан әкімдігі тарапынан тұрақты қолдау көрсетілуі, келешекте оның

КӘСІПКЕРЛІК ҚАНАТЫН ЖАЙДЫ

болашағын кемелдендіретіні анық.

Аудандық кәсіпкерлік бөлімі де бұл тарапта белсенді қызмет жасау үстінде. Атап айтар болсақ, кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы аймақтық бағдарламалардың орындалуын, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету, кәсіпкерлікті қолдау туралы заңнама бойынша сұрақтар жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу, қысқа мерзімдік оқыту жүргізу, басым жобаларға

іріктеу жасап, олардың мониторингін жүргізу, кәсіпкерлік нысандармен шарттарды жасау барысында аймақ тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық мүдделерін сақтауға байланысты мәселелерді шешуде тиімді жұмыстар ұйымдастыруы көпшіліктің көңілінен шығады.

Аудан халқын азық-түлікпен және тұрмыстық заттармен қамтамасыз ету және басқа түрлі қызметтер көрсету тұрғысында да шағын кәсіпкерлік нысандарының орны

ерекше. Өткен жылдың қорытындысы бойынша тіркелген шағын кәсіпкерлік субъект саны 3 мыңға жуықтаса, оның 181-і заңды тұлға, 579-ы шаруа қожалығы, 1741-і жеке кәсіпкер, олардағы жұмыспен қамтылғандар саны 6 мың адамға жетті. 5,5 млрд. теңгенің өнімдері өндіріліп, түрлі қызметтер көрсетілді. Бюджетке түскен салық көлемі 170 млн. теңгені құрағандығы да оның өсу барысын көрсетсе керек.



«Бизнестің жол картасы — 2020» бағдарламасын түсіндіру мақсатында аудандық газетке мақалалар жариялай отырып, кәсіпкерлерге кеңес беру, бизнес жоспар жасап беру, т.б. қолдау көрсететін орталықтар жөнінде хабарландырулар жариялау бұл саланың тиімділігі мен жариялылығын арттыра түскендігі рас. Аудан тұрғындарымен кәсіпкерлікті дамыту, кәсіпкерлер құқықтарын қорғау бағытында ауданда бірнеше жиындар өткізілді. Оған осы салада жұмыс жасап жүрген компаниялар, мемлекеттік емес ұйымдар өкілдері тартылды. Кездесулерде кәсіпкерлікті қаржыландыру жайы кенінен талқыланды.

Сондай-ақ, кәсіпкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында «Кәсіпкерлерге арналған ақпараттық анықтама», «Кәсіпкерлік саласына арналған жадынама», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы шағын кәсіпкерлік субъектілеріне арналған жадынама» кітапшалары кәсіпкерлерге таратылды. Күнделікті келген кәсіпкерлерге өздерінің ой-пікірі мен толғандырып жүрген мәселелеріне толық жауаптар мен ақыл-кеңестер берілді. Сондай-ақ, аудан орталығында құқық қорғау орындарының байланыс телефондары мен мекен-жайлары жайлы мәліметтер жазылған билбордтардың ілінгендігі де жамағаттың дұрыс бағыт алуына ықпал етті деп айтуға болады.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Жанақорған ауданы.

МЕТАЛЛУРГИЯ: МҮМКІНДІКТЕР МЕН МЕЖЕЛЕР

Әзірге жобада көрсетілген бірінші кезеннің жұмыстары толық аяқталды. «Фирма Балауса» ЖШС-ның бастамасы облыс әкімі тарапынан қолдау тауып, жүйелі жұмыстарға кірісті. Бұл

өңірлік Индустрияландыру картасына сай жүзеге асырылатын 4 жобаның бірі.

Иә, Мемлекет басшысы шағын және орта бизнестің экономи-кадағы үлесі 2030-жылға қарай, қазіргімен салыстырғанда ең аз

дегенде екі есе өсуге тиіс екендігін атап көрсетіп, азаматтарымыздың барлық проблемаларын мелекеттің шешіп беруін күтпей, әрқайсысы өзін бизнеске сынап көруге, сол арқылы өз қабілет-қарымын жұмсай отырып, елде жасалып жатқан экономикалық өзгеріс-терге толыққанды қатысушыға айналуына жағдай туғызуы керек екендігін тапсырған болатын. «Қа-зақстан-2050» стратегиясы қалып-тасқан мемлекеттің жана саяси бағыты» Жолдауының негізгі ба-сымдықтары осындай жанашыл істерді өрістету, дамыту екендігі белгілі. Олай болса, бұл қадам құзырлы министрліктер мен аймақ басшылығының іскерлік келісім-дер жүргізуі нәтижесінде өрісті болады деп күтілуде. Жоғарыдағы жұмыстар аталмыш өрісті бастаманы жергілікті жерде жүзеге асырудың бірден-бір көрінісі болса керек.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шиелі ауданы.

● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Облыстық сот төрағасы Нұрлан Қайырбековтың төрағалығымен өткен жиында облыс соттарының 2013 жылғы сот әділдігін жүзеге асырудағы атқарылған жұмыстары қорытындыланды.

Басқосуда облыстық соттың судьясы әрі облыстық соттың баспасөз қызметін үйлес-тіруші Сенбек Баймахановтың хабарламасы

қаралған бес жүз елу бір шешімнің төрт жүз отыз үші өзгеріссіз қалдырылған.

Өткен он екі айда аудандық және оған тенестірілген соттарға 21238 іс түскен болса, 16642 адам әкімшілік жауаптылыққа тартылып, үш мыңнан астам адамға қатысты істер қысқартылған. Кері қайтарылған әкімшілік істер былтырғыдан қырық пайыздай азайған. Қарал-

актілерінің занды әрі негізді қабылдануы халықтың сотқа деген сенімінің артып келе жатқандығын көрсетеді.

Қызылорда қалалық мамандандырылған әкімшілік соты өткен он екі айда он жарым мыңнан астам іс қараса, оның тоқсан үш пайызы әкімшілік іс болып табылады. Аталған істердің тең жартысындайы Қызылорда қалалық ішкі істер басқармасынан түссе, қалғандары облыстық жол полициясы мен көші-қон басқармалары, кеден, төтенше жағдайлар, сот актілерін орындау департаменттері, салық және желілік ішкі істер қызметтеріне тиесілі. Деректерге көз жүгіртсек, әкімшілік істер былтырға қарағанда біршама өскені байқалады. Қаралған істер бойынша үш мыңдай адамға 4 млрд. 364,4 млн. айыппұл салынса, мың екі жүзден астам адам арнаулы құқықтарынан айырылған. Сондай-ақ, алты мың адам әкімшілік қамауға алынып, елу адамға ескерту жазалары беріліпті. Бұдан басқа екі жүздей адам көлік құралын басқару құқықнан айырылса, үш жүздей тұлғаға өртүрлі қосымша жазалар тағайындалыпты. Сот қаулыларымен салынған айыппұлдың 2 млрд. 357,9 млн. теңгесін құрыққ бузушылар қаулы занды күшіне енбей тұрып-ақ өз еріктерімен төлеген болса, қалған сома тиісті органдарда заңда көрсетілген мерзімде орындау үшін жолданыпты.

Өткен жылы әкімшілік сотқа жүздің үстінде әкімшілік құқық бұзушылық істерді қарауға уәкілетті органдардың қаулыларына дау айту шағымдары да түскен болса, оның жиырма төрті қанағаттандырылып, жетеуі қараусыз қалдырылған.

Бактыбай БЕРДІБАЕВ.

● ЖЕДЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАР

БАЙҚОҢЫРЛЫҚТАРҒА ӨНІМІН ҰСЫНДЫ

Қармақшы. 2011 жылы Қармақшы ауданы Ақай ауылынан жер телімін алып, төтті тағам түрлерін дайындайтын жеке цех салып, кәсібін бастаған Аманкүл Әбдірахманова өз уақыттын ішінде Төретам кенті мен Байқоңыр қаласы тұрғындарына да өз өнімдерін ұсынып, көпшіліктің ризалығына бөленуде. Қондиртер цехын сүйікті қызының атымен «Жанар» деп атаған кәсіпкер қазір 4 адамды жұмыспен қамтып, төтті тағам өнімінің 30-дан астам түрін шығарады. Сонымен қатар ол аудан, облыс көлеміндегі мәдени-көпшілік іс-шараларға белсене араласып, демеушілік жасап отырады. Кәсіпкер әлі де болса өнім түрлерін көбейтіп, сапасын арттыра түсуді мақсат етіп отыр.

БАҒАНЫ ТҰРАҚТАНДЫРУҒА БАЙЫПТЫ ҚАДАМ

Арал. Ауданда нан пісіретін наубайханалар иелерімен және негізгі азық-түлік өнімдерін сататын кәсіпкерлермен азық-түлік бағасын өсірмеу, бағаны тұрақтандыру мақсатында меморандумға қол қойылды. Бүгінгі күнге дейін ауданға барыны 35 вагон (2338 тонна) үн қабылданып, нан пісіретін наубайханаларға таратылып тұрғындарға 1 қабы 2600-2650 теңгеден сатылып келеді. Осы наубайханалар 1 белке нанды қала дүкендеріне және аудан халқына 45 теңгеден сатып отыр.

Мұнымен қоса, Арал қаласы орталығында қала, кент, ауылдық округтердің қатысуымен ауыл шаруашылығы өнімінің жәрмеңкесі тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Онда ауылшаруашылық өнімдері қала халқына базар бағасынан 10-15 пайыз төмен бағада ұсынылады. Аудандағы жеке кәсіпкер С.Саянов қыс айында көкөніс сақтауға 200 тонналық қойма (картоп, жуа, сәбіз) дайындады. Бұл кәсіпкер азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорынан өнім алып сату үшін «Байқоңыр» ӘКҚ» ҰҚ» АҚ-мен келісім-шарт жасады.

АУЫЛ ЖОЛДАРЫ АЖАРЛАНА ТҮСТІ

Сырдария. Ауданда «Жұмыспен қамту-2020 жол картасы» бағдарламасының іске асырылуына өз деңгейінде мән беріліп келеді. Аудан әкімдігінің хабарлауынша, оның шаралатын көрген азаматтар саны аз емес.

Аталмыш бағдарламаның «Инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту есебінен жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету» деп аталатын бірінші бағыты бойынша өткен жылы республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер есебінен ауданға бөлінген қаржы көлемі 237874 мың теңгені құрайды. Аталмыш қаржы Айдарлы, Ақжарма, Шаған, Іңкәрдария, Нұлисов, О.Мөлбәев, Амангелді елді мекендеріндегі ауылшілік және Тереңөзек кентіндегі А.Тоқмағамбетов, К.Байсейітова көшелері жолдарын орташа жөндеу жұмыстарына жұмсалып, толығымен аяқталды. Осы бағдарлама негізінде аталған елді мекендердегі жөндеу жұмыстарына жергілікті тұрғындардан 62 адам тартылды.

Күнделікті жаңалықтар топтамасымен
www.syrboyl.kz сайтынан танысуға болады.

ҚЫСТЫҢ КӨЗІ ҚЫРАУЛЫ

Қаңтар айы да орталанып қалды. Биыл Қазалыға қар мол жауды. Қайда қарасңыз да, ақ көрпесін қамылған сай-саланы байқайсыз. Тура қалжырап келіп көз шырымын алған жолаушыдай мүлгіп жатыр. Бір қарағанда «қаңтарда бар тіршілік қаңтарылады» деген осы шығар деп пайымдайсыз. Бұл – алдамшы көрініс. Ауыл тұрғындары шаруа қамымен қарбаласып жүр.

Екі сағатқа жуық жол жүріп Түктібаев елді мекеніне келгенде жұмыс уақыты жана басталған еді. Оқруғ өкімімен тілдескен соң клубқа бас сұқтық. Менгерушінің кабинетіндегі шағын пеш лаулап жанып жатыр. Ошақ-тын қызуы бет қаратпайды. Бірақ... бұған қарап клубты жылы екен десеңіз, мықтап қателессіз. Көремермендер залының салқындығы соншалықты өзімізді ашық далада жүргендей сезіндік. Клуб менгерушісі 1968 жылы пайдалануға берілген ғимараттың «палаты жағдайда» деп танылғанын айтты. Ескі нысанды қолдан жағу тәсілімен жылыту (жылды деген аты жана) мүмкін еместігін, биылға 20 тонна көмір бөлінгенін, дегенмен клуб үйі жаңадан салынады деген қуанышты хабар барын жасырмады. Ғимарат салқын деп мұндағылар қол қусырып отырмайтын сынайлы. Би кешін ұйымдастырып, ақылы қызметтің құнын табады екен. Клуб менгерушісінің кабинеті өте жұпыны. Бөлмедегі арқасы сынған жалғыз орындық (мұны да Нұрлан үйінен әкеліпті), көне үстелден өзге көңіл қуантатын мүлікті атқармайды. Музыкалық аппаратуралар да ескі. Ауыл, аудан өкілдерінің халық алдындағы есеп беру жиыны клубтың сын көтермейтін

жағдайына байланысты мектепте өтеді екен.

Әкімдік ғимаратының бір бөлігіндегі кітапхананың ахуалы да кісі қызығарлықтай емес. Ағымдағы жылы кітапханаға 17 тонна көмір қаралған. Обалы нешік отын нормаға сәйкес жағылуда. Алайда, оқырмандар залының қыс мезгілінде суық болатындығынан келгендер іргелес ардагерлер кеңесінің бөлмесінде отыруға мәжбүр. Кітапханашы Гүлмира Ниятова байырғы, білікті маман. Ол өткізген мәдени шаралар көпшілік тарапынан жоғары бағаланды.

Ауылдағы №88 мектеп сұйық отынмен жылытылады. Білім ошағының қалыпты температурада екендігін оқушылардың жеңіл киімен жүргендігінен пайымдалық. Жуырда өткен қысқы пәндік олимпиадада түктібаевтық оқушылар 7 жұлділ орынды бағындырыпты. Бұл өткен жылдармен салыстырғанда, елеуір жақсы көрсеткіш. Сондай-ақ, әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасылардың перзенттеріне қыстық киім таратылыпты. Майдакөлдегі әкімдік ғимаратының да тозағы жеткен. Яғни, бұрынғы кеншаардың кенесіне қоныстаныпты. Арала жылжып өткен уақыт ағымы өз қолтанбасын қалыптастырған. Оқруғ өкімінің айтуынша, жылда кенсеге жөндеу жасағанымен, пайдасы шамалы. Ескірген қабырғалар сылақ ұстамайды. Жылуды жайы да орташа деңгейде. Еденді ауыл ағасы жеке қаражатына алған бояумен сырлатыпты. Аз да болса, әрі кіркін дегені. Бір сүйсінерлігі, Әділхан Ахметов басқаратын «Арал-Сарыбұлақ» топтық су құбыры мекемесі бірқатар қоғамдық колонкаларды жаңалап, толық жабдықтап беріпті. Нақты кезеңде ауыл тұрғындарына тәулігіне 40 текше метр таза су босатылуда. Ауыл өкімі елді мекенде электрік штатының жоқтығына қынжылыс білдірді. Егер жарық сөнсе, көрішлес Түктібаевтағы подстансынан жауапты адамына қоңырау шалады. Ол болса, сонау Қожабақыдағы жөндеу бригадасына хабарласады.

Арнайы бригада жеткенше күтуге тура келеді. Бұл туралы тиісті орына сұраныс берілгеннен «арнайы подстанса болмағандықтан электрік бөлінбейді» деген жауап алыпты. Бәлкім заңдылығы солай шығар. Дегенмен, Майдакөл мен Түктібаевта қыруар халық тұратынын ескерген де абзал сынды.

Майдакөл клубы асар тәсілімен салынған. «Төбесі жұқа жабылғандықтан жылуы кемшін соғады. Әсіресе қаңтар, ақпан айларында өте қиын. Әкімдердің есеп беру жиынын амалдап өткіземіз. Арасында электр пешін қосып та қоямыз. Көремермендер залы да салқын» дейді клуб қызметкерлері. Мүмкін Рас болуы. Дегенмен, жұдырықтай жұмылып ғимарат салып берген ағайынға ризашылықтан басқа не айтасыз? Кезінде клуб құрылысына ауылдың үлкен-кішісі түгел қатысқанын көз көрді. Жергілікті билік өкілдері де қалыс қалмады.

Бекарыстан би ауылындағы №24 мектепте 526 шәкірт дәріс алады. Шағын орталықта екі топ бар. Мектеп директоры сынып бөлмелері қалыпты температурада екендігін жеткізді. Мұны өзіміз де байқадық. Оқруғ өкімі, ауылдық мәдениет үйі директорымен пікірлесу барысында біршама жайтқа қанықтық. Мәдениет үйіне 62 тонна көмір бөлінді. Бұл – бір вагон деген сөз. Елді мекенге дейін (тиеп, түсіруі, тасымалы бар) қомақты қаржыға келетіні белгілі. Біздің көзіміз жеткені пайдалануға берілгеніне 40 жылға қалам басқан мәдениет үйі салқын. Рас, есік-терезесі үлкен, қабырғасы биік нысанды жылыту оңайға түспейді. Мәдениет үйін күрделі жөндеуден өткізу үшін жобалық-сметалық құжаттардың әзірленіп, құзырлы орынга жіберілгеніне 3 жылға жуықтапты. Егер осы мәселе шешілсе, нысанның әлі де көпшілік сұранысын өтейтіні даусыз. Әкімдердің есеп беруі мектептің мәжіліс залында өтеді. Мұндағы баян, домбыра жеке адамдардың мүлік екен. Қазіргі қолданылып жүрген құны 200 мың теңгелік музыкалық аппаратураны танымал кәсіпкер, жомарт жүректі азамат Беккалі Бекбауылов сыйға тартыпты. Оған қоса, Беккалі ауылдағы «Аманбай ахун» мешітіне, қарастығы жоқ отбасыға көмір түсіріп беруді жыл сайын дағдыға айналдырыпты. Міне, жігіт.

Кітапханашы Гүлжанат Спандияр от жағу, еден тазалауды қоса атқарады. Айтуынша, қажетті мөлшерде көмір бөлінген. Алайда, нормаға сәйкес от жағылатынына қарамастан, кітапханашының шағын бөлмесінің өзі салқын.

Қоғамның басты байлығы – адам. Еңдеше басты байлығымызды сақтай білейік. «Қыстың көзі қыраулы» демекші, алыс ауылдарда тіршілік осылай қайнап жатыр.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

● АЛЫС АУЫЛДАРДЫ АРАЛАҒАНДА



СИРИЯ: СОДЫРЛАРДЫҢ СОЙҚАНЫ ТОЛАСТАҒАН ЖОҚ

«Әл-Каидамен» байланысты «Ирак және Левант ислам мемлекеті» тобының солдырлары Сириядағы басқа экстремистік топтардың 100-ге жуық мүшесін атып өлтірді, деп хабарлайды РОСБАЛТ. Reuters құқық қорғаушыларға сілтеме жасай отырып, исламшылардың Сирияның солтүстігінде Ракка провинциясының бірқатар елді мекенінде орналасқанын хабарлады. Олар «Фронт ан-Нусра» және «Ахрар аш-Шам» радикалды топтарының ондаған өкілдерін ұстап алып, олардың барлығын атып өлтірген.

ИРАК: ҚҰРБАНДАР ҚАТАРЫ АЗАЙМАЙ ТҮР

Бағдатта дүйсенбі күні бірнеше жарылыс пен шабуылдан 25 адам қаза тауып, ондаған адам жараланды. Жарылыстар негізінен қаланың шииттер тұратын аудандарында болды.

Қаланың солтүстік-шығысындағы Шааб ауданында көлік жарылып, 10 адам мерт болған. 13 адам түрлі жаракат алған. Тағы төрт жарылыс кешке қарай қала тұрғындары Мұхаммед пайғамбардың туған күнін атап өтіп жатқан сәтте болған.

Бағдаттың оңтүстігіндегі полиция бекетіне қарулы адамдар шабуыл жасап, үш полицейді өлтіріп кетті. Өткен жылдың өзінде ғана Иракта діни сипаттағы шабуылдардан құрбан болғандар саны 5500-ге жетті.

УКРАИНА: «ХАЛЫҚ ЖИЫНЫ» ӨТТІ

Апта басында Киевтің Тәуелсіздік алаңында «Халықтық жиын» басталды. УНИАН агенттігінің хабарлауынша, алаңға 10 мыңға тарта адам жиналған.

«Автомайдан» деп аталатын наразылық шарасын қолдаушылар Украина президенті Виктор Януковичтің резиденциясы алдында «Януковичтің күн төртбі» деп аталатын кезекті акция өткізуге бел буыпты.

Осы сәтте Харьков қаласында билікті қолдайтын «Аймақтар партиясының» ондаған жақтасты Бүкілукраиндық Еуромайданның екі күндік форумы өтіп жатқан ғимарат алдында пикет өткізді. Жиналғандар «Еуромайданға жол жоқ!» деп ұрандатып, Харьковте Киевтегідей бұлғаққа жол бермейтінін мәлімдеген.

Украина астанасы Киев пен басқа да қалаларда Еуропа одағымен интеграцияны жақтаушылардың митингілері былтыр қараша айында үкімет Еуропа одағымен ассоциация келісіміне қол қоюдан бас тартқан соң басталған еді.

ТҰТЫНУШЫЛЫҚ НЕСИЕ ҚАРЫЗЫ

немесе аспаннан ақша жаумайды

Қаладағы азық-түлік пен күнделікті керек-жарак сататын сауда орталығынан арба итеріп, дорба көтеріп шығатын кезіміз жиі болады. Бағыттымыз сауда үйіне қарсы беттегі аудан. Коллағы жүкпен жаяу жете алмамыз анық.



Амал жоқ, такси жүргізушілердің қызметіне жүгінеміз.
— Кайда барасыз?
— Анау шеті көрініп тұрған үйге.
— 400 тенге болады.

Айтқан бағасы ақылға қонымыз әрі аларманға алтау аз болғанмен, берерменге бесеу көп емес пе? Саудаласа бастаймыз.
— Жарайды, 300 тенгеге апарайын. Жүргізуші орта жастағы кісі екен. Екі аралықта өңгімесін де айтып үлгерді.

— Осы тұрған жігіттердің түгелге жуығының көлігі несиеге алынған. Уақыты келгенде жандары ышқынып, ақша іздейді. Төлей алмай, табанынан тозып жүргендер де бар,— делі.

Рас, қазір банктен несие алу дан оңай жұмыс жоқ. Бар болғаны бірер

сағатта, жалғыз құжатпен рәсімдеп береді. Телефонына қоңырау шалып, “акция болып жатыр, пайызы төмендетілген несие алып қалыңыз” дейтіндері де бар. Несиенің қолжетімділігі арқасында тойға да, тұрмыстық техникаға да, жиһаз бен көлікке де ақша жинап өуре болмайсыз. Бейресми деректер, “әр жұмыс істейтін адамның басында кем дегенде 2-3 несиеден бар” деген ақпаратты алға тартады. Алғашында аспаннан жауғандай болған ақшаны ай сайын аузыңнан жырып, банкке қайтарып бермесен, пайызы өсіп кетеді.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында еліміздегі тұтынушылық несиелердің артқанына алаңдаушылық білдірген болатын. «Тұтынушылық

несиелерге келетін болсақ, олардың қайтарымдылық мәселесі белгісіз. Бұл мәселені қарастыру қажет», — делі Елбасы.

Таяу күндері «Аналитикалық шешімдер студиясы» компаниясы 2012-2013 жылдардың қарашасында қазақстандықтардың тұтынушы несиесі бойынша банктерге берешегі 701 млрд. теңгеден 2,2 трлн. теңгеге өскенін анықтады. Осылайша елімізде 2012 жылдың қараша айынан бастап былтырғы жылдың қарашасына дейінгі аралықтағы тұтынушы несиесінің көлемі 48 пайызға артқан.

Осының ішінде тұтынушы несиесінің бір жылдағы өсімі бойынша Астана бірінші орында — 61 пайыз (61 млрд. теңгеден 161,5 млрд. теңгеге жеткен). Қызылорда облысы ондықты түйіндеп тұр.

Қайтарылмаған қарыздың проблемасы қай тарапқа болсын оңай тиіспей анық. Күліп кіріп, жылдап шыққан деген осы.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

ТАҢДАУ ЖАСА ӨЗ ҮЙҢДІ ЖАРҚЫРАТ!



«Astana Solar» ЖШС фотоэлектрлі модульдер зауыты 100 пайыз қазақстандық кремний негізінде жасалған күн батареяларын шығарады. Өндірілетін қуат кепілдігі – 25 жыл. Өнім IEC61215 / IEC61730-1 / IEC61730-2 халықаралық стандарттарының нормаларына сәйкес келеді.

«Astana Solar» келесі қызметтерді ұсынады:

- ❖ Өндіру және сату
- ❖ Жабдықты жобалау, құрастыру және орнату
- ❖ Түрлі қуаттағы күн электр станцияларын толығымен дайындау
- ❖ Жаңа өнімдерді жасап шығару
- ❖ Сервистік және кепілдік қызметтер
- ❖ Кеңестер

Шағын және орта бизнес өкілдерін қызметтес болуға шақырамыз

ASTANASOLAR

010000, Қазақстан Республикасы,
Астана қ., Туран даңғылы
info@astanasolar.kz

тел.: +7 (7172) 55 14 51, 55 14 00
моб.: +7 (701) 765 58 36
факс: +7 (7172) 55 13 93

www.astanasolar.kz

● СОТ СҮЗГІСІНЕН СОҢ

Тағдыр тәлкегі

Өмірдің тар соқпақтары Сабираны ерте есейтті. Тумысынан тұрмыстың тауқыметін көрді. Көзін тырнап ашқалы өкесінің ішкени арақ, ал шешесі азаннан кешке дейін 4 баланы аш қалдырмаудың қамымен пойыз аралап, жолдаушыларға зат сатумен жүреді.

Сабира үйдің үлкені. Мектепте 11 сыныпты бітіргісі келмеді. Бар арманы Қызылорда қаласына келіп, оқу оқып, жұпыны тіршіліктен құтылуы ойлады. Осылайша арман қуып, 9 сыныптан кейін Қызылорда қаласындағы колледжге түсті. Оқу ақысын өзі таппақшы болып, сабақтан тыс кездері жұмыс істеді. Өзіндікпен бір жылды да өткізді. Қалада ақысы шарықтап тұрған колледжде оқудың қиындығын түсінді. Бұл кезде Сабира бір үйдің жалғыз баласы, қызметі жоғары Арманмен көңіл жарастырып жүрген-ді.

Орда бұзар отызға жақындап қалған Арман ауылдың қарапайым қызы Сабираны бір көргеннен ұнатып, бас қосқысы келді. Ол ойын көлдеп өсірген ата-анасы қолдай қоймады. Олар жағдайы төмен, 19 жасар Сабираны өздеріне тең көрмеді. Арда бір жыл өткенде Арман Сабираға үйленді. Ата-анасы барынша қарсыласа да, олар бас қосады. Басында бөрі тамаша болды. Алайда тағдыр бұл бақытты Сабираға көп көрді. Жол апатынан Арман қыршынынан қиылып, Сабира мен енді ғана өмірге келген қызы Аяулым скеуін қатал өмірге тастап кете барды. Әу баста Сабираны ұнатпаған Арманның ата-анасы, баласының қырық күндігі болар болмастан, баламыздың басын жұтқан деп Сабира мен кішкентай Аяулымды үйлерінен қуып шықты.

Тағдырдың төлкегіне айналған Сабира қызы Аяулымды ауылдағы анасына апарып тастады. Ол енді артында өсіп келе жатқан бауырларының

өзі сияқты қиындық көрмеуі үшін жұмыс іздеуге кірісті. Дипломмен жұмыс таба алмаған соң, жеке мекемеге еден жуушы болып жұмыс істеді. Ол жердің мардымсыз айлығын жеткізе алмай, түнгі клубқа жұмысқа орналасты. Осы жерге келгеннен соң, Сабираның өмірі түбегейлі өзгерді. Ең бірінші өзінің өкесіндей кісінің көңілдеріне айналды. Жағдайын біршама жақсартып алды. Ішімдікке үйір болды. Тек онаша қалғанда жан жары Арманды есіне алып, көз жасын төгіп алады. Арманның артынан кеткісі келсе де, қызын қимайды. Түнгі клубта жүріп біраз ақшаның басын құрады. Анда-санда «көңілдес көкесі» долларлап ақша ұстатып қояды. Сабира қаржы жинап, үй алмақ ниетте болады. Алайда көздеген үйіне 500 мың жетпей қалады.

Арманның өмірден өткен күні көңілі құлазыған Сабираны ажалы айдады ма, жұмыстан кейін бірге істейтін Айбар, Біржан, Сабира ішпекші болып Біржанның үйіне жиналады. Айбардың біраздан бері Сабираға ойы кетіп жүрген-ді... Олар 5 шөлмекті әп-сәтте босатып тастайды. Масайып қалған Біржан ұйықтап қалады. Сол кезде Айбардың ойына арамдық келіп, Сабираны зорламақшы болады. Айбар талдырмаш қызға әлімжеттік жасап, ақыры өз дегеніне жетеді. Ал, бұл зорлауды Сабира да өз есебіне жаратпақшы болып, Айбарға «зорлады деп үстіңнен арыз жазам, арыз жазбасын десең, 500 мың теңге өкеліп бересін» дейді. Сабираның көкейіндегі ой үй алуға жетпей тұрған 500 мың теңгені оңай жолмен табу болатын.

Бұл сөз жасы жиырмадан енді асқан Айбардың шамына тиіп кетеді. Ол үстел үстінде тұрған пышақты кетіп бара жатқан Сабираны оң жақ бүйрегінен сұғып алды. Онымен қоймай,



ішкіліктің буымен пышақты үсті үстіне тығып, тамағынан орып жіберді. Сол жерде Сабира тіл тартпай кетті.

Осылайша тағдыры төлсекке салған Сабираның өмірі де қыршынынан қиылды. Сөйтіп, Арманның қасына жол тартты. Ал, артында 2 жасар Аяулым көзі жоудірен қала берді.

P.S: Басты сот талқылауында жәбірленушінің анасы сотталушыға кешірім бермей, соттан оған ең ауыр жаза беруін сұрады.

Сот оталысуы Айбарды Қазақстан Республикасы ҚК-нің 120-бабының 1-бөлігімен, 96-бабының 2-бөлігінің «д», «к» тармақтарымен кінәлі деп танып, түпкілікті 18 жылға бас бостандығынан айырып, жазасын қатаң режимдегі түзеу колониясында өтеуге үкім етті.

Айжан ЫСКАКОВА,
облыстық соттың баспасөз қызметі.

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

Қызылорда қаласы әкімі аппараты бос мемлекеттік өкімшілік лауазымына орналасуға конкурстар жариялайды:

Қалалық жер қатынастары бөлімінің басшысы. Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауазымдық айлығы 109548-147986 теңге аралығында (экологиялық коэффициентті қоспағанда).

Функционалдық міндеттері:

- мекеменің ісін ұйымдастырады және басшылық жасайды, бөлімге жүктелген міндеттер мен тапсырмалардың орындалуына жауапты болады;
- сала дамуының басым бағдарламаларын, ағымдағы жоспарын жасауға, жүзеге асыруға, талдауға және даму тенденциясын болжауға қатысады;
- жер қатынастарын реттейді;
- жер қатынастары саласының мемлекеттік мүддесін қорғайды;
- өз қүзыреті шегінде жергілікті атқарушы органдардың жер учаскелерін беру және алып қою туралы ұсынысын мен шешімдерін дайындайды, жер учаскелері резервін сақтайды;
- жер учаскелерінің кадастрлық бағалау құнын, бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындайды;
- сатылған жер учаскелері қаражаттарының мерзімінде төленуін бақылайды;
- иесіз жер учаскелерін есепке алады;
- жер учаскелерін сауда-саттыққа (конкурстар, аукциондар) сатуды ұйымдастырады;
- жерді пайдалану мен қорғау мәселелеріне қатысты қалалық бағдарламаларға, схемалар мен жобаларға сараптама жүргізеді;
- сатып алу-сату және өтеуісі, өтеулі жер пайдалану Шарттарына қол қояды;
- ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жөніндегі материалдарды дайындау.

Үміткерлерге қойылатын талаптар:

Білімі: Жоғары жерге орналастырушы, жер кадастры және қозғалмайтын мүлікті бағалау немесе заңгерлік білімі.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

- 1) мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан кем емес;
- 2) жоғары немесе жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру орындарында мемлекеттік тапсырыс

негізінде немесе шетелден жоғары оқу орындарында Шетелде қадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

- 3) ғылыми дәрежесінің болуы;
- 4) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;
- 5) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жана саяси бағыты стратегиясын білугі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс «Бос өкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысқысы келген азаматтар Қызылорда қаласы әкімі аппаратына келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) өкілетті орган белгілеген нұсандағы өтініш;
- 2) 3x4 үлгідегі суретпен уәкілетті орган белгілеген нұсанда толтырылған сауалнама;
- 3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
- 4) еңбек кітапшасының нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық

сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін тізімінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нұсандағы денсаулығы туралы анықтама;

- 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгілеген шекті мөннен төмен емес нәтижемен тәстілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат.

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (қазір қызметі) куәландыра алады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған мерзімнен бастап 10 жұмыс күні ішінде мына мекен-жай бойынша қабылданады: **Қызылорда қаласы, М.Шокай көшесі, 147.**

Азаматтар өздерінің білімі, жұмыс тәжірибесі, көсібір денгейі және белелі жайлы (көсібір біліктілігін арттырғаны жайлы, ғылыми атағы және дәрежесін алғаны туралы құжаттардың, міндеттемелерінің, ұсыныстардың, ғылыми жарияланымдардың және тағы басқа көшірмелері) қосымша ақпарат ұсына алады.

Өңгімелесуге жіберілген үміткерлер одан үміткерлерді өңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде **Қызылорда қаласы әкімінің аппаратында Қызылорда қаласы, М.Шокай көшесі, №147** мекен-жайы бойынша өтеді.

Конкурсқа қатысқысы келген қорытынды мәжілісі өңгімелесу жүргізілгеннен соң 2 жұмыс күні ішінде өткізіледі.

Анықтама телефондары: 8(7242) 24-81-74, 40-09-54.

Аталмыш лауазымдарға орналасатын үміткерлер үшін көтерме ақы шығындары, тұрғын үй және жеңілдіктер берілмейді.

Қызылорда қаласының өкімдігі.

ҚҰТТЫҚ ТАЛУ

Қолнат Қартаулы!

Халық пайғамбар жасы деп парасаттылықпен құрмет тұтатын 63 жасқа толған мерейлі күніңізбен құттықтаймыз.

Сіз су шаруашылығының білікті маманы есебінде ұжымның кадрлігі атанып, абырой төрінен көрінген азаматсыз. Өмір жолыңыз өзіңізден кейінгі бізге үлгі-өнеге болып келе жатқан ағасыз.

2011 жылдың желтоқсан айында «Жыл табиғат қорғаушысы» номинациясы бойынша облыстың экономикалық әлеуметтік-рухани дамуына қосқан ерекше үлесіңіз үшін марапатталып, құрметке иелендіңіз. Бұл — біздің ұжым үшін де үлкен қуаныш.

Ел ішінде қашанда еңсеніз биік, беделіңіз бен абыройыңыз асқан болсын. Осы мерейлі шақта сізге мықты денсаулық, отбасыңызға бақ-береке тілейміз. Мерейтойыңыз құтты болсын!

Ігі тілөкпен, «Қазушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қызылорда филиалы, «Ауданаралық каналдар жүйесі» өндірістік учаске ұжымы.



САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА

Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасы хабарлайды: 2014 жылдың 1 қантарынан бастап Қазақстан Республикасының Салық кодексіне енгізілген өзгерістерге байланысты арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша салық органдарына жер салығы және мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдерін есебін табыс етпейді.

Арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша салық органдарына декларацияны табыс етуге міндетті.

Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасы
Абай даңғылы, 64 «Г» тел. 23-56-05, 23-88-02.

Қызылорда облысы бойынша салық департаменті 2014 жылдың 23 қантарында сағат 10.00-де «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 5 желтоқсандағы №152-V Қазақстан Республикасының Заңымен Салық кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға байланысты «Ашық есік күнін» өткізетіндігін хабарлайды.

Қатысуға асығыңыздар, қажетті жаңалықтарға хабардар боласыздар.

Қызылорда облысы бойынша салық департаменті,
Абай даңғылы, 64 «Г», байланыс телефондары: 23-83-90, 30-18-53, 23-56-05.

Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасы 2014 жылдың 22 қантарында сағат 10.00-де «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 5 желтоқсандағы №152-V Қазақстан Республикасының Заңымен Салық кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға байланысты семинар-кеңес өткізетіндігін хабарлайды.

Өткізілетін орын облыс бойынша салық департаменті ғимаратының 4-қабаты, мәжіліс залы.

Қатысуға асығыңыздар, қажетті жаңалықтарға хабардар боласыздар.

Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасы,
Абай даңғылы, 64 «Г», байланыс телефондары: 23-83-90, 30-18-53, 23-56-05.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Сентрас Иншуранс» АҚ сақтандыру компаниясының мекен-жайы өзгергендігін хабарлайды: Қызылорда қаласы, Байұрсынов көшесі №47 үй («Төтті» нотариусының ғимараты), байланыс телефондары 27-19-13, 27-18-30, 8 701 225 34 85.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Есжанов Нуржан Оразалиевичтің атына Шиелі ауданындағы №11 кәсіптік мектептің «Газэлектрдөнекерлеуші» мамандығы бойынша 2007 жылы бітіргені жөнінде берілген КББ №0027675 дипломы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінен Аппазова Светлананың атына 15.06.2012 жылы №175 бұйрығы бойынша берілген дәрігер-терапевт маман сертификаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін (10-в-912).

Қызылорда қаласы, М.Шокай №132 мекен-жайында орналасқан ҚР Қорғаныс министрлігінің «Әскери-техникалық мектеп» РМҚК-ның Қызылорда филиалына берілген қалалық еңбек депутаттары кеңесі атқару комитетінің шешімі (№538 30.12.1975 жыл, 02.07.1992 жылы тіркелген) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы №1567 «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Арнамыс кодексі туралы» Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 1998 жылдың 2 шілдесі №267-1 «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңына сәйкес ЗК 169/5 мекемесінде 8(7242) 21-59-48, 21-61-11 сенім телефондары жұмыс істейтінін хабарлайды.

Меншік иесі:

Сыр медиа

жа